"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО ЮЖНО-
КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі,14-ғимарат
Тел.: 8 (7252)-35-06-06, факс: 35-10-01 ММ код 2170025,
СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 ОҚО
бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г.Шымкент, ул.Водопьянова, 14-здания Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01 Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

27.02.2018 жыл
№09-15/885.

«Б.и.Н.» ЖШС – нің директоры
Б.Андабаевқа
ОҚО, Шымкент қаласы, Қарабастау м/а, Қайып ата көшесі, 46 үй,
телефон: 8 771 327 67 84
Tomaris90@mail.ru

Сіздің 15.02.2018 жылғы
№4 санды өтінішіңізге:

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент),* Сіздің өтінішіңізде көрсетілген мәселелерге байланысты төмендегіні мәлімдейді.

Қазақстан Республикасының 04.12.2015 жылғы «Мемлекетітк сатып алу туралы» заңының *(бұдан әрі – Заң)* 9 бабы 1 тармағы 4 – тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы тұрғысында біліктілік талаптары қойылады.

ҚР ҚМ 11.12.2015 жылғы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №648 бұйрығының *(бұдан әрі – Қағида)* 85-1 тармағына сәйкес, тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі.

Егер техникалық ерекшеліктің орнына конкурстық құжаттамада заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама қамтылған болса қажетті материалдық және еңбек ресурстары құрылыс машиналарының, механизмдердің, автокөлік құралдарының негізгі түрлері мен еңбек ресурстарына қажеттілікті қамтитын жобалау-сметалық құжаттаманың (құрылысты ұйымдастыру жобасы) тиісті бөлімінде көрсетіледі.

Жобалау-сметалық құжаттамада құрылыс машиналарының, механизмдердің, автокөлік құралдарының негізгі түрлері мен еңбек ресурстарына қажеттілікті қамтитын (құрылысты ұйымдастыру жобасы) тиісті бөлім болмаған жағдайда жобалау-сметалық құжаттаманың негізінде осындай қажеттілікті көрсететін құрылыс машиналарының, механизмдердің, автокөлік құралдарының негізгі түрлері мен еңбек ресурстарының тізбесі әзірленеді және жобалаушымен келісіледі.

Сонымен қатар, Қағидадағы конкурстық құжаттамаға 5 – қосымшаның «Біліктілігі туралы мәліметтер» ескертулеріндегі 15 тармағында: *«Конкурстық құжаттамада көзделген құрылыс машиналарының, механизмдердің және автокөлік құралдарының және әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімінде ұсынылған құрылыс машиналарының, механизмдердің және автокөлік құралдарының* ***бір – бірін ауыстыруы жобалаушымен келісіледі»*** деп көрсетілген.

Ал, конкурстық құжаттамада көзделген құрылыс машиналарының, механизмдердің және автокөлік құралдарының және Сіздің біліктілік туралы мәліметіңіздің материалдық ресурстар бөлігінде ұсынылған құрылыс машиналарының, механизмдердің, автокөлік құралдарының бірін – бірі ауыстыруы – **жобалаушымен келісілмеген.**

Осыған сәйкес, конкурстық комиссияның әлеуетті өнім беруші «Б.и.Н.» ЖШС – нің өтінімін біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сай емес деп конкурсқа қатысудан шеттетуі – Заң және Қағида талаптарына қайшы келмейді.

Бұдан бөлек, Сіздің өтінішіңізде көрсетілген: облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының механизация бөлімімен «Гермес Транзит» ЖШС – нің жекеменшігіндегі техникаларға берілген техникалық паспорттар күмән туғызатыныны жөнінде оңтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасына сұраныс хат жолданып мәлімет алынды.

Басқарманың жауабында: «Гермес Транзит» ЖШС – нің жекеменшігіндегі *Бульдозер гусеничный SHANTUI SD08 ,59 кВт (80 л.с), Экскаватор XCMG XE135C 1,5м3, 4045 Автопогрузчик стреловой, 5 т.* техникалар – «Гермес Транзит» ЖШС – нің меншіктік құқығында тіркелмегендігі көрсетілген.

Бұл ретте әлеуетті өнім беруші «Гермес Транзит» ЖШС – гі тарапынан анық емес ақпарат ұсынылғаны және де әлеуетті өнім беруші «Гермес Транзит» ЖШС – нің конкурстық өтінімі материалдық ресурстарының жеткіліксіздігіне байланысты біліктілік талаптарына сәйкес келмей тұра, конкурстық комиссия тарапынан конкурсқа қатысуға негізсіз жіберіліп, Заңның 27 бабы 6 тармағының, Қағиданың 150 тармағы 1 тармақшасының талаптары бұзылған.

Және де, «BAS BUILDING» ЖШС – гі мен «ХМСУ Шымкентмелиорация» ЖШС – гі арасында 29.01.2018 жылы консорциум құру туралы келісім жасалғаны жөнінде, осы келісіммен берілген *Бульдозер Т-130 Б тех.паспорт №195526, Автогрейдер GR2015 техпаспорт КГИ 162734, Экскаватор ЭО-10011А тех.паспорт №195749* техникалар жөнінде – «ХМСУ Шымкентмелиорация» ЖШС – не сұраныс хат жолданып жауап алынды.

«ХМСУ Шымкентмелиорация» ЖШС – нің жауабында: *Бульдозер Т-130 Б тех.паспорт №195526, Автогрейдер GR2015 техпаспорт КГИ 162734, Экскаватор ЭО-10011А тех.паспорт №195749* техникалардың консорциялық келісімдермен «BAS BUILDING» ЖШС – гі мен «KKS Construction group» ЖШС – не де шын мәнінде берілгендігі жөнінде баяндалған.

ҚР 12.01.2007 жылғы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» №221 заңының 12, 14 баптарына сәйкес, өтініштерді қарау нәтижелерімен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға немесе сотқа жүгінуге құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Департамент басшысының
орынбасары **Қ.Сапарбеков**

Орындаған: А.Т.Садыкбеков
Тел: 8 /7252/ 36 06 06